

ОРИЕНТАЛИЗМ

Ориентализмдегі өзара әрекеттесу: Батыс пен Шығыс арасындағы қарым-қатынас.
«Басқа/өзге» позициясындағы Мысыр.
2-бөлім



Француз экспедициясы батыс еуропалық державалардың бір-бірімен Араб Шығысында өз үстемдігін орнату үшін жүргізген күресіндегі алғашқы әскери-саяси шара болды және ол Мысырдың Батыстан тыс, өз еркімен өмір сүруіне шек қойды, яғни осыдан Мысырға Еуропаның ықпалы басталды.

Н. Бонапарт пен оның әскері Мысырдан шыққанда өздері елде болған мерзімде жинап үлгерген аса құнды ғылыми материалды, соның ішінде иероглифпен жазылған көне Мысыр тарихына қатысты өте мол материалды алып кетті. Сонымен бірге француздар өздері Мысырда болған тұста өздеріне жақтас болған христиан-арабтарды да өздерімен ала кетті, себебі, түрік билеушілері өздері кеткен соң оларды француздарға қызмет еткені үшін қуғындайды деп сақтанды. Олардың арасында сириялық Михаил Саббағ (1780–1816), копт Элиос Боктор (1784–1821) сияқты білгір әдебиетшілер болды. Олар Францияға барған соң «XIX ғасырдағы эмиграциядағы араб әдебиеті» атауымен белгілі бағытты дамытуға өз үлестерін қосты.

Ал елдің өзінде – Мысырға француздардың мәдениеті айтарлықтай із тастап кетті. Осы жерде Батыстың, нақты алғанда Францияның Мысырдың қоғамдық, мәдени өміріндегі әсері мен нәтижесіне тоқталайық.

1799 жылы Наполеонға қарсы түрік армиясы жіберілді. Оның құрамында түрік сұлтаны Махмұд II вассалы, албан отрядының басшысы белгілі реформатор Мұхаммад Әли болды (ол кейіннен Мұхаммад Әли-паша атанған). Оны Мысырдың жаңа тарихына түбегейлі бетбұрыс енгізген тұлға, «жаңа Мысырды жасаушы» деп атайды.

Мұхаммад Әли – шығу тегі жағынан албандық, ол 1769 жылы Македония жағалауындағы Қауала портында туған, отбасындағы он бір баланың ең кішісі болған ол ата-анасынан айырылған соң басқа отбасында тәрбиеленеді. Бала кезінде оқымаған, күнкөріс үшін саудамен айналысқан. Өміріндегі түпкілікті өзгеріс оның әскердегі қызметінен басталады. Ал оның бойындағы Батыс мәдениеті мен ғылымына деген құштарлық – оқу-білімнің емес, қайсар мінезінің нәтижесі.

Осман билігі мен мәмлүк басшыларының арасындағы қақтығыстар кезінде ол алғы шепке шықты, албан әскерін басқара жүріп түріктердің қолдауымен 1805 жылы Мысырдың билігіне қол жеткізді. Келесі жылы оны Ұлы Порты мойындады, ол осыдан соң бірден Мысырда ең алдымен әкімшілік және шаруашылық реформалар жүргізуді бастады. Мақсатқа жетудегі бірбеткейлік, табандылық оны өмірінің соңына дейін қаталдық, тіпті кейде деспот ретінде тануға себеп болған.

Мұхаммад Әли түрік сұлтанының өкілі (уәли) болып саналғанмен ол Мысырды іс жүзінде дербес мемлекетке айналдырды. Оның елде тоқтаусыз жүргізген реформалары: мәмлүктердің жерге деген билігін жою, өндірістік монополия енгізу, сыртқы сауда монополиясын жолға қою, мануфактура құру, тұрақты әскер ұйымдастыру, жаңа заманғы білім беру жүйесін дамыту тез арада нәтиже берді. Сол реформалардың арқасында Мысыр XIX ғасырда бастапқы қырық жыл ішінде экономика жағынан Түркияны басып озды, ал Мұхаммад Әлидің жаулап алу соғысынан кейін құрылған империя көлемі жағынан түрік сұлтанының иелігінен де асып түсті.

Мұхаммад Әлидің реформалары Мысыр шаруашылығының бұрынғы құрылымын жойып, оның орнына жаңа шаруашылықты енгізіп қана қойған жоқ, сонымен бірге Мысыр қоғамының даму заңдылықтарын да өзгертті, мәмлүктерді биліктен толықтай айырып, әлемдегі басты діни оқу орны ретінде танымал әл-Азһардың оқытушы-ғалымдарының ықпалын әлсіретті.

Батыс Еуропа державаларының отаршылдық экспансиясы мен Мысыр экономикасына ағылшын және француз капиталының араласуы елдің өз бетімен даму жоспарын жоққа шығарды. Капиталистік қарым-қатынастардың орнауы мен ұлттық ой-сананың қалыптасуы Еуропа отаршылдығына тұрақты қарсылықпен және тәуелсіздік жолындағы күреспен қатар жүрді. Мұнымен қатар бір уақытта Еуропамен мәдени байланыстар да кеңіді, бұл батыс әлеміне әуелден бар екіжақты көзқарастың тууына алып келді.

Мұхаммад Әли Мысыр қуатты, тәуелсіз елге айналуы үшін Еуропа елдерінің әскери, ғылыми-техникалық және әкімшілік тәжірибесін оқып-үйрену қажет деп санады. Оған, әрине, бірден қарсыластар табылды. Елдегі оған қарсы кейбір топтар Мұхаммад Әли көне салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды жойып жіберіп, Мысырды «европаландыруды» («тағриб») көздейді деп наразылық танытты. Оның реформаларының негізгі мәні -мұсылман елдерінің саяси, әлеуметтік, рухани құрылымын сақтай отырып, әскери-техника жағынан кейін қалушылықты жою



болды. Мұхаммад Әли-пашаның жүргізген саясаты жаңа заманға сай тың жаңалықтарымен бірге айтарлықтай қиындықтарды да тудырды.

Паша Жоғарғы Мысыр пен Гиза пирамидалары түбінде ағылшындардың археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуіне рұқсат берді. Француздардан басталған мысырлық құндылықтарды Европаға тасу қайта жалғасты, ал бұл жағдай мысырлықтардың өзінің исламға дейінгі мәдени мұраны лайықты бағалап, оны өздері сақтау жөнінде ойлануға мәжбүр етті.

Мысырда білім саласына ерекше көңіл бөлінді. Отыз жыл мерзімде он алты арнаулы оқу орны ашылды және елдің әртүрлі шалғай аудандарында бастауыш, орта мектептердің саны да күрт артты. Арнаулы оқу орындарында шетелдік мамандар – ағылшын, француз, итальян және түрік ұлттарының өкілдері сабақ берді. Онда оқу үрдісі аудармашылар арқылы жүрді.

Ал жастарды Европа елдеріне, соның ішінде Францияға оқуға жіберу ағарту саласындағы ең жаңа және батыл қадам болды. Бұл істің басында Мұхаммад Әлидің өзі тұрды, ол 1826 жылы қырық төрт дарынды жас Парижге білім алуға аттандырылды және бұл бағдарлама XX ғасырдың басында жаппай, жоспарлы үрдіске айналып, кейіннен жастарды Европаның басқа елдеріне де оқуға жіберу ісі жалғасты.

Францияда оқыған жастардың саны кейіннен жүзден асты. Мұның нәтижесінде Франциядан елге қажет түрлі мамандықтарды меңгерген жастар оралды. Француз тілі Мысырда кең тарайды.

Мұхаммад Әли медицина, техникалық ғылымдарды оқытатын жаңа типтегі мектептер ашып, аударма ісін қолға алды және оны белсенді түрде дамытуға кірісті.

Француз экспедициясының Мысырға әкелген тағы бір тың жаңалығы мерзімді баспасөз болды. 1828 жылы Мұхаммад Әли қалпына келтіргеннен кейін баспасөз құралдары жаңа араб мәдениеті мен әдебиетінің қарқынды дамуына зор ықпал етті.

Француздардың келуімен бірге Мысырда алғашқы типографиялар мен көпшілікке арналған оқу залдары пайда болды.

Типография аударма өнеріне үлкен серпіліс беріп, алдымен ғылыми, аздан соң көркем әдебиеттің жиі, табысты аударылуына себепкер болды. Ал оның нәтижесінде классикалық әдебиет туындыларын кең таратып, оқырманға жеткізу мүмкіндігі туды. Өз кезегінде классикалық шығармалар әдебиеттің жаңа өкілдерінің қалыптасуындағы жетекші міндетті атқарды. Әдебиет зерттеушілерінің оған жаңа дәуір тұрғысынан көзқарасы, сол арқылы рефлексия/өзіндік сын тарай бастады.

Араб елдерінің барлығында дерлік біртіндеп жаңа үлгідегі кітапханалар, әдеби үйірмелер мен баспасөз орындары ашылды. Шешендік проза дамыды.

Осы реформалардың қатарында жастарды Европаға оқуға жіберу ісі қандай нәтиже берді деген мәселеге тоқтала кетуге болады.

Наполеонның Мысырға қызығушылығы ориентализмнің бастауы болса, Мысырдың Европамен танысуының басында Мұхаммад Әлидің Европада, алдымен Францияда мамандар дайындау идеясы тұрды. Бұл қозғалыстың нақты жетістігі – елге ғылым мен білімнің түрлі салалары бойынша білімді жас мамандардың келуі болды. Олар кім, олар не істеді дейтін болсақ, ағартушы Рифа'а Рафи ат-Тахтауиді (1801–1873) атауға болады.

Ол Жоғары Мысырдың шағын қаласы Тахта қаласында білімді отбасында туған. Бастауыш білімнен соң ол әл-Азһарда оқып, 1824 жылы шейх атағын алады және сол жылы әскер полктарының біріне имам болып жіберіледі. Әл-Азһар университеті – әлемдегі ең көне университеттердің бірі және ислам әлеміндегі ең беделді ғылыми орталық. Әскер өмірімен танысу Рифа'а ат-Тахтауидің болашағы үшін көп нәрсені анықтап береді: әскерде ол тәртіп, жинақылық сияқты әдеттермен бірге, отансүйгіштік, адалдықты бойына сіңіреді.

Рифа'а ат-Тахтауидің қалыптасуына ұстазы Хасан әл-Аттар нақты ықпал етті. Мұхаммад Әли Парижге оқуға жіберетін жастардың қатарына қосуға имам іздегенде әл-Азһардың сол кездегі ректоры Хасан әл-Аттар оған өз шәкірті Рифа'аны ұсынады. Парижге аттанар алдында ұстазы шәкіртіне онда көрген-білгенін жаза жүруге кеңес береді.

Мысыр қоғамы Батыстан келген ғылым, кітапхана, типография сияқты мәдени жаңалықтармен қоса әйел бостандығы, оның қоғам өміріне еркін араласуына мүмкіндік беру әлеуметтік сала жаңалықтарын бірден қарсы ала қойған жоқ. Діни орта мен теолог мамандарының көбі Мысырға француздар әкелген жаңалықтарға қарсы болды. Тек Хасан әл-Аттар ғана жаңалықты жатсынбаған аз ғана зиялы қауымның бірі болды.



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 11. Ориентализмдегі өзара әрекеттесу: Батыс пен Шығыс арасындағы қарым-қатынас. «Басқа/өзге» позициясындағы Мысыр. 2-бөлім

Хасан әл-Аттар француздардың математика, әдебиет саласындағы кітаптары мен астрономиялық және геометриялық құралдарына көңіл аударды, ол сонымен бірге мұсылман емес халықтардан оқу-білім үйренуді айып деп санаған жоқ, керісінше ғылымды терең, жан-жақты меңгеру үшін бар мүмкіндікті пайдалануды қолдады. Осындай бағдардың нәтижесінде Рифа'а ат-Тахтауи тарих, тіл білімі, география, заң сияқты әртүрлі ғылымдарға үлкен мән беріп, ғылыми әдебиетті қызыға оқыды, аударма ісіне көңіл қойып, француз тілінен алғаш рет араб тіліне заң, конституция мәтіндерін аударды.

Парижден еліне қайтардағы қорытынды емтихан кезінде ат-Тахтауи комиссия мүшелеріне өзінің француз тілінен араб тіліне жасаған аудармаларын және Парижде оқуда болған сапары жайлы жазған еңбегін көрсетеді. Өзінің Булак қаласында баспадан шыққан бірнеше еңбегінен әртүрлі тақырыптағы үзінділерді француз тіліне жедел аударып береді.

Ол өзінің «Францияға сапары» (1826–1831) жайлы «Тахлис ал-ибриз фи-талхис Бариз» (қысқаша «Парижді суреттеу») деген шығарма жазды. Бұл еңбек Мысырға қайтқан соң 1834 жылы басылды.

Ол кітапта Францияда алған білімін дәстүрлі ғылым мен әдебиетке сүйене отырып, шебер тілмен баяндап шыққан. Мысалы, Парижге қатысты географиялық мәліметтер бере отырып, европалық ғылыми терминологияны орынды пайдаланады, Жердің шар тәрізді екендігі, Коперник заңы туралы тақырыптарды қозғайды.

Еңбектің ерекшелігі – оның мұсылман қоғамы үшін мүлде жат, дәстүрге қарсы тақырыптарды өте сақтықпен баяндауында.

Кітапты жазу барысында автор белгілі тарихшы, алғашқы социолог Ибн Халдунге өте көп еліктеген. Кіріспе бөлімде адамзат тарихы концепциясына талдау жасап, тарихтың «аттақаддум» (даму) идеясына сүйенетінін, яғни адамның өмірде алғашқы қарапайым қалыптан ғылым мен өнер үйрену арқылы өсі, көтерілу сатыларын көрсетеді.

Рифа'а ат-Тахтауи өзінің Францияға сапарының маңызын өте терең түсінеді, ол өзінің кезіндегі тарихы мазмұнға бай, өркениеті дамыған араб-мұсылман қоғамының, ал бүгінде құлдырап кеткен мәдениет өкілі екендігін мойындайды. Ортағасырларда барлық сала бойынша қарқынды дамыған ғылымның қайта өркендеуі үшін өзінің Франция сапарынан елінің болашағы үшін мол нәтижемен қайту қажеттігін сезінеді.

Кезінде арабтардың Европаға Шығыстың ғылымы мен даналығын үйреткенін еске ала отырып, Араб Халифаты дәуіріндегі дамыған ғылымды қайтаруды армандайды. Оның осы ойынан Мұхаммад Әлиге арналған мадақ жыр туады. Поэмада ол Мұхаммад Әлиді «құдайсыздарға жол ашты» деп кіналаушылардан қорғайды.

Кітапты жариялағаннан кейін өз атына айтылатын кінаның барлығын күні бұрын сезіп, алдын ала қорғанады. Осы кезде оған араб мәдениетінің өзі көмекке келеді, ол белгілі: «Ғылымды Қытайдан да ізде» деген хадиске жүгінеді. Европалықтардан білім үйренудің еш зияны жоқтығын дәлелдеуге тырысады. «Ғылымды қайдан, кімнен үйренсең де Аллаға сенімді жоғалтпасаң болғаны» дей отырып, ислам өзге діндерден, ал арабтар басқа халықтардан артық дейді.

Рифа'а ат-Тахтауидің «Парижді суреттеу» кітабының негізінде француздардың қоғамдық және мәдени өміріндегі көптеген ұстанымдары ислам нормаларына, ал француз философтарының көзқарастары мұсылмандардың дүниетанымына қайшы келетіні жөнінде сын-ескертпелер жатыр. Осы арқылы ол Мұхаммад Әлидің Батыстан негізінен техникалық саладағы білім мен ғылымды үйрену барысында олардың мұсылман қоғамына жат әдет-ғұрпын Шығысқа таратпау идеясын ұстанады.

Рифа'а ат-Тахтауидің өз отандастарынан негізгі артықшылығы – өз көргені мен білгенін әділ, дұрыс бағалай білуінде, әрі өз ойын еркін айтуында болды. «Парижді суреттеу» шығармасының тілі Мысыр халқының сол заманғы сөйлеу тіліне жақын, ол кездегі халық тілінде түркі тілінің элементтері басым болды, яғни автордың оқырманға айтпақ ойы түсінікті және анық жетуіне көп көңіл бөлінді. Оның бар мақсаты – өз еліне Франция жайлы барынша түсінікті, мол мәлімет жеткізу болды.

Кітапта оның тағы бір батыл қадамы көрініс тапқан, ол француз тілін жаңадан үйрене бастағанына қарамастан, өз оқырманына үлкен пайда әкеледі деген оймен екі бірдей шағын кітапшаның араб тіліндегі аудармасын береді: олар «Дәрігер кеңестері» және Людовиктің XVIII «Хартиясы».



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **11. Ориентализмдегі өзара әрекеттесу: Батыс пен Шығыс арасындағы қарым-қатынас. «Басқа/өзге» позициясындағы Мысыр. 2-бөлім**

Рифа'а ат-Тахтауи Париждегі уақытын толығымен оқу, білім алумен бірге, айналасындағының бәрін бірдей бақылауға арнайды. Күнделікті тіршілік көріністерінен бастап Францияның қоғамдық құрылымы, француз ғылымының идеялары мен жетістіктеріне дейін оның назарынан еш нәрсе тыс қалмайды. Кітаптың тарауларының атауынан да осыны байқауға болады: «Париж тұрғындарының мінез-құлқы», «Париждің табыс көздері және кәсіп түрлері», «Денсаулық сақтау», «Париж тұрғындарының діни сенімі», «Француз грамматикасын оқып-үйрену», «Париж тұрғындарының ғылыми жетістіктері», «Француздардың корольге бағынудан бас тарту себептері» т.б. Әр тарауда аталған сала бойынша Франция мен Мысырдың жағдайын салыстырады. Франция тәжірибесінің артықшылығын немесе кемшілігін атайды, оның Мысыр үшін қаншалықты қолайлы немесе қолайсыздығы жөнінде өз ойын білдіреді. Мысалы, Париж көшелерін тазалап жүрген техниканы көріп, осыны Каирдің көшелеріне апарар ма еді деп қызығады.

Франция қоғамы мен мемлекетін ұйымдастыру мәселелеріне жан-жақты тоқталғандықтан, бұл еңбекті XIX ғасырдың жиырмамыншы жылдары соңындағы Париж жайлы қысқа энциклопедия деп атауға болады.

Ат-Тахтауи қоғамдық тәртіп әйелдің бетінің ашық немесе жабықтығына байланысты емес, керісінше оның бойындағы тәрбие мен адамгершілік қағидаларына қатысты деп тұжырымдайды. Әйелдердің ерлермен бірдей оқу-білім мәселелерімен айналысатынын, ақыл-ойымен ерлерден қалыс қалмағанына қолдау білдіреді.

Ат-Тахтауидің ойларының ішіндегі мұсылман Шығысы үшін түпкілікті жаңалықтың бірі – ғылымның діннен бөлінуінің (ғылым үшін) пайдасы. Француздардың «зиянды» деген наным-түсініктерінен бойын аулақ ұстай отырып, ол Францияда ғылымның дамуын діни ғылымдармен тек діни қызметкердің, ал басқа ғылымдармен мамандардың айналысуымен байланыстырады. Мұсылман елдерінде көптеген ғылымдар мүлде дамымағанын, себебі ғылыми өмір негізінен филологиялық және дінмен байланысты мәселелермен айналысатын ғылыми орталықтарға ғана шоғырланып қалғанын айтады.

Алғашқыда Париж көрмелері мен жәрмеңкелеріне қойылған көне мысырлық мұрағаттарды француздардың тегін әкетіп жатқанын, алайда олардың құнын жақсы түсінетінін, сақтайтынын айтады. Ал кейіннен көне мысырлық құндылықтарды Европаға тасуды, ол елдің тарихын талан-таражға салу, тонау деп қатал сынайды.

Мысыр пен Франция мәдениетін, оған қоса араб-мұсылман және европа мәдениеттерін өзара салыстыра отырып, ат-Тахтауи қазіргі заманғы араб-мұсылман өркениетінің әлсіз жақтары мен себептерін дәл басып көрсетеді.

Рифа'а ат-Тахтауидің ойлары араб елдерінде жүрген «ан-Наһда» (қайта өрлеу) қозғалысының негізін құрады, ал кейіннен, XIX ғасырдың соңында Мысырдағы басты идеологияға айналды.

Мұхаммад Әли жүргізген реформалар тарихтың өзі көрсеткендей, тек Мысыр емес, геосаяси көшбасшы ретінде аумақтағы оның әріптестері саналатын елдерге де айқын әсер етті, одан Араб Шығысында Франциядан басталған европалық мәдени экспанцияның ықпалы таныла басталды. Түптеп келгенде Наполеонның идеясы белгілі бір дәрежеде Мұхаммад Әли реформалары арқылы жүзеге асырылды деуге болады.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Мұхаммад Әлидің реформаларының мақсаты не болды?
2. Рифа'а ат-Тахтауидің Парижге сапарының нәтижесі жайлы не айта аласыз?
3. Наполеонның идеясын Рифа'а ат-Тахтауи жүзеге асырды дегенді қалай түсінесіз?

Өздік жұмыс тапсырмалары

1. Наполеонның Мысырға экспедициясының құрамында кімдер болды? Олар Мысырда немен айналысқанына тоқталыңыз.
2. Батыс пен Таяу Шығыстың дамуындағы айырмашылықтарға тоқталыңыз.



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **11. Ориентализмдегі өзара әрекеттесу: Батыс пен Шығыс арасындағы қарым-қатынас. «Басқа/өзге» позициясындағы Мысыр. 2-бөлім**

Ұсынылатын ресурстар

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. – 396 p.
2. Саид Э., Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. – 639 с.
3. Қалиева Ш.С., XIX ғасырдағы араб әдебиеті. Алматы: «Қазақ университеті», 2006.